

«Алатау әуендері» МКҚК қызметіндегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Тұздыбастау а.

26.05.2026 жыл

1. ІШКІ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ НЕГІЗДЕРІ

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Алатау әуендері» МКҚК директорының 2026 жылғы 27 сәуірдегі №24-н/қ «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы негізінде жүргізілді.

Талдау келесі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылды:

- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары.

2. ТАЛДАУ ОБЪЕКТІСІ МЕН КЕЗЕҢІ

Талдау объектісі – «Алатау әуендері» МКҚК (бұдан әрі – Кәсіпорын).

Талдау кезеңі: 2025 жыл.

3. ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

- Байгенженов Қ.Б. – директордың орынбасары, жұмыс тобының жетекшісі;
- Серікқызы Ш. – кадр инспекторы;
- Мукашева М.С. – бас бухгалтер;
- Мустапаев Д.Б. – «Жол қозғалысы қауіпсіздігі қоғамдық бірлестігі» ҚБ өкілі;
- Шоев С.Х. – комплаенс-офицер.

4. ЗЕРТТЕЛГЕН ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

Талдау барысында келесі бағыттар зерделенді:

- ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет;
- персоналды басқару;
- мемлекеттік сатып алулар;
- мүдделер қақтығысын реттеу;
- ішкі қызметтің өзге де мәселелері.

5. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАЛДАУ

Кәсіпорынның ішкі нормативтік құқықтық актілерін талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындатуы мүмкін дискрециялық өкілеттіктерді қамтитын нормалар мен ережелер анықталған жоқ.

Ішкі басқару жүйесі қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келеді.

6. ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУҒА ТАЛДАУ

Кәсіпорынның штаттық саны – 68 бірлік, нақты қызметкерлер саны – 71 адам, оның ішінде әкімшілік-басқару персоналы – 7 адам.

2025 жылы:

- жұмысқа қабылданғандар – 21 қызметкер;
- еңбек шарттары бұзылғандар – 23 (қызметкерлердің бастамасы бойынша).

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату кезінде бұзушылықтар анықталған жоқ.

Тәртіптік немесе сыбайлас жемқорлық жауапкершілікке тарту фактілері тіркелмеген.

Мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Бос жұмыс орындары ezbek.kz порталы арқылы орналастырылады.

7. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУЛАРҒА ТАЛДАУ

Мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

2025 жылы өткізілген сатып алулар:

- баға ұсыныстарын сұрату – 17;
- ашық конкурс – 0;
- негіздемілік келісімдер бойынша сатып алулар – 0;

- электрондық дүкен – 16;
- өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілі – 12;
- тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілі - 4.

Аффилирлену, мүдделер қақтығысы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар фактілері анықталған жоқ.

Сатып алу рәсімдері жеткізушілермен тікелей байланыстарды болдырмайтын электрондық форматта жүргізіледі.

8. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ

Кәсіпорын Жарғысына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету көзделмеген. Осыған байланысты аталған талдау блогы қолданылмайтын болып танылды.

9. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН ТАЛДАУ

Бағыныстылықтағы туыстық байланыстарды қоса алғанда, мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзу жағдайлары тіркелмеген.

10. ӨТІНІШТЕР МЕН МЕДИАМОНИТОРИНГТІ ТАЛДАУ

2025 жылы жеке және заңды тұлғалардан 6 өтініш келіп түсті.

Өтініштерді қарау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің белгілері анықталған жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдарына жүргізілген мониторинг барысында сыбайлас жемқорлық сипатындағы теріс жарияланымдар анықталмады.

11. ҚЫЗМЕТТІҢ ӨЗГЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кәсіпорын қызметіндегі бақылау функциялары мәдениет саласындағы жарғылық қызмет аясында ішкі нормативтік құжаттарға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпорын Жарғысына сәйкес Кәсіпорын қызметінің мәні –әдебиет және өнер туындыларын көпшілік алдында орындауға жағдай жасау және көркемдік ұжымдар мен жекелеген орындаушыларды танымал ету үшін кешенді шараларды іске асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты музыкалық-эстетикалық тәрбие беру, көркемдігі жоғары бағдарламалар мен нөмірлер жасау үшін жағдайларды қамтамасыз ету, кәсіби көркемдік ұжымдар мен жекелеген орындаушылардың концерттерін ұйымдастыру, музыкалық-ағартушылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады: концерттер, би және басқа да сахналық қойлымдарды көрсету; музыкалық топтардың, оркестрлердің және ансамбльдердің қызметі. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысына сәйкес, ЭҚҚЖ коды-90012).

Кәсіпорын қорын толықтыру және жергілікті тұрғындардың мәдени танымын көтеру мақсатында облыс қалалары мен аудандарында ақылы концерттер беру.

Бақылау функциялары Кәсіпорынның жарғылық қызметі шеңберінде жүзеге асырылады.

12. АНЫҚТАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Жүргізілген талдау нәтижесінде жұмыс тобы Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтаған жоқ.

Қазақстан Республикасы заңнамасының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал ететін талаптарын бұзу фактілері анықталған жоқ.

13. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ШАРАЛАРЫ

Талдау қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару жөнінде қосымша шаралар қабылдау қажеттілігі жоқ.

14. ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫ

Ішкі талдау нәтижесінде «Алатау әуендері» МКҚК қызметі тұтастай алғанда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

Елеулі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен жүйелік сипаттағы тәуекелдер анықталған жоқ.

Белгіленген тәртіппен жоюды талап ететін қызметкерлерді міндетті сақтандырудың болмауына байланысты бір тәуекел анықталды.


15. ҰСЫНЫСТАР

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және адалдық қағидаттарын нығайту мақсатында мыналар ұсынылады:


- «Алатау әуендері» МКҚК-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына тұрақты бақылау жүргізу;
- қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада көзделген шектеулердің сақталуын қамтамасыз ету;
- қызметкерлердің құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру.

ЖҰМЫС ТОБЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚОЛДАРЫ


Жұмыс тобының жетекшісі:

/ Байгенженов К.Б./ 

Жұмыс тобы мүшелері:

/ Мукашева М.С./ 

/ Серікқызы Ш./ 

/ Мустапаев Д.Б./ 

/ Шоев С.Х./ 

Таныстым:

 / Ербатырова У.К./